




***Шетел филологиясы, лингводидактика
және аударма ісінің өзекті мәселелері***

**VIII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
семинардың жинағы**



Нұр-Сұлтан - 2020

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
III 50

Бас редакторы – филология ғылымдарының докторы, профессор
А.Е. Бижкенова

Редакторлық алқасы:

Филология ғылымдарының докторы, профессор К.К. Дуйсекова
Педагогикалық ғылымдарының докторы, профессор К.Н. Булатбаева
Филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а. Г.К. Кенжетаева
Филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а. Н.З. Жуманбекова
Филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а. М.Л. Анафинова

Техникалық редакторы - Смагулова М.Г.

III 50 Шетел филологиясы, лингводидактика және аударма ісінің өзекті мәселелері. VIII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинардың жинағы. – Нұр-Сұлтан: «Мастер По» ЖШС, 2020. – 141 б.

ISBN 978-601-326-420-2

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің филология факультеті шетел филологиясы кафедрасында жылына бір рет ашық түрде өтетін VIII ғылыми-тәжірибелік семинарының жинағына қатысушылардың ізденіс жұмыстары кіргізілген. Шетел филологиясы, шет тілдерін оқыту, және қазіргі таңдағы аударма мәселелеріне арналған ғылыми жазбалар енді.

Мәтіндер мағынасы мен стилистикасы авторлардың жауапкершілігінде.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

ISBN 978-601-326-420-2

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020

ҚҰТТЫҚТАУ

2020 жылдың 5 сәуірінде Филология ғылымдарының кандидаты, Шетел филологиясы кафедрасының профессоры Гүлнәр Құсайынқызы Сәрсикеева 70 жасқа толды.

Гүлнәр Құсайынқызы, С. Сейфуллин атындағы Целиноград педагогикалық институтының шет тілдер факультетінің түлегі, өзін туған *Alma mater* қабырғасында педагогикалық қызметіне арнады. Ұзақ жылдар бойы француз тілі кафедрасының, кейін Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің роман-герман тілдері кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Г.К. Сәрсикеева кандидаттық диссертациясын қорғап, тіл білімі доценті ғылыми атағын алды. Ал 2017 жылы ол Париж қаласындағы университетте аударма саласындағы философия докторы ғылыми дәрежесіне диссертация қорғап, Францияның PhD дипломын алды.

Гүлнәр Құсайынқызы білім беру қызметімен қатар, аудармамен айналысты және француз тілінің тәжірибелі аудармашысы болып танылды. Ол француз аудармашыларымен қосылып Францияда қазақ жазушысы, ақын және ағартушы Абай Құнанбаевтың "Қара сөздерін" аударып жарыққа шығарды. Сонымен қатар басқа да қазақ шығармалары, оның ішінде қазақ ертегілері Г.Қ. Сәрсикееваның аудармасымен француз тілінде жарық көрді.


Г.Қ. Сәрсикеева бүгін де Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті Шетел филологиясы кафедрасында белсенді жұмыс атқарып келеді.

Г.Қ. Сәрсикеева филология факультетінің еңбегі сіңген оқы-тушылар қатарына кіреді.

Факультет пен кафедра ұжымы Гүлнәр Құсайынқызы Сәрсикееваны мерейтойымен құттықтап, одан әрі шығармашылық табыс тілейді!

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
Филология факультеті мен
Шетел филологиясы кафедрасының ұжымы

30 сәуір, 2020 ж.,
Нұр-Сұлтан қаласы





САРСИКЕЕВА ГҮЛНАР ҚҰСАЙЕНҚЫЗЫ
(туған жылы 05.04.1950)

КСРО ЖАК филология ғылымдарының кандидаты, доценті, Париж Нантер университетінің философия докторы, /PhD/, мамандығы: "Sciences du Langage",
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
Шетел филологиясы кафедрасының профессоры,
Академиялық Пальма Орденінің Шевальесі (Франция, 2010)
Қазақстан мен Францияның арасындағы мәдени қарым-қатынастарының дамуына
қосқан үлесі үшін

Еңбек қызметі туралы мәліметтер

Білім. Кәсіби қызмет

1970 ж. - Сәкен Сейфуллин атындағы Целиноград мемлекеттік педагогикалық институты түлегі ;

1979-1989 ж. - ЦМПИ француз тілі кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент;

1989-2001 ж. - Алматы қ.: Қазақ Мемлекеттік Халықаралық қатынастар және Әлем тілдері университетінің француз филологиясы кафедрасының ф.ғ.к., доценті және қосымша қызмет істеушілік - "КАТКО-AREVA" қазақ-француз компаниясының аға аудармашысы» Қазақстанның оңтүстік және батыс облыстарында;

2001-2008 ж. - ЕҰУ роман-герман тілдері кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доценті;

2008 ж. - ЕҰУ Филология факультетінің Шетел филологиясы кафедрасының ф.ғ.к., доценті;

2018 ж. - қазіргі таңда, Нұр-Сұлтан қаласындағы Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінде Филология факультетінің Шетел филологиясы кафедрасының PhD, профессоры.

Ғылыми және аударма қызметі

Ғылыми бағыттары: Француз филологиясы, Абайтану, Аударматаным.

Шетел филология кафедрасында теориялық және практикалық сабақтарын жүргізу, магистранттар мен докторанттардың диссертацияларының ғылыми басшылығын іске асыру.

2002-2004 ж., 2018ж - «Опера мен Балет театры», кейіннен-Астана-Опера» Мемлекеттік Опера Театрында француз дирижерлері мен балетмейстерлерінің балет, спектакль және опера қойылымындарының француз тілінің аудармашысы;

2008-2017 ж. - халықаралық жобалардың мүшесі (Испания, Германия және Франция (с): "EUROPHRAS. European Society of Phraseology. "Еуропада және одан тыс жерлердегі кең таралған идиомалардың полилингвалды сөздігі". 2012 ж. 1 томы мен 07.10. 2014 ж. 2 томы 07.10. әлемге әйгілі "Peter Lang Publishing Group" баспасында жарық көрді. Réf : www.widespread-idioms.uni-trier.de;

2009 ж. - қазіргі уақытқа дейін "ESFAM" (Болгария) Халықаралық Бағдарламасының тұрақты үйлестірушісі: магистратураға түсу, біліктілігі: "экономика магистрі" бейіні бойынша – ref.- <http://www.bulgaria-france.net/>. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің Филология факультеті 40 астам түлектер мен Алматы қ., Қостанай, қала-ларының де София қаласындағы басқару және менеджмент мамандықтар бойынша Франко-фония Институтының Жоғары Мектебін «ESFAM» сәтті бітіріп, Қазақстанда дипломда-рына сәйкес жұмыс жасайды;

2011 ж. - халықаралық коллоквиум ғылыми Комитетінің мүшесі және модератор (Гранада, Испания), сондай-ақ 2017ж осы лауазымдарда - Стамбул қ. (Түркия) Техникалық университетінде. Францияда, Испанияда, Флоренцияда Венгрияда, Румынияда, Ресейде және Қазақстанда 60-тан астам форумдар, конгресстер, коллоквиумдар материалдарының жинақтарында француз тіліндегі ғылыми баяндамалар жарияланды: **17.09.2016 ж.** - "Gestion des ressources et gouvernance" Халықаралық экономикалық коллоквиумда ғылыми комите-тінің мүшесі, баяндама тақырыбы.: «La culture du Kazakhstan et son impact sur les politiques d'environnement ». Roumanie, Université Titu Maiorescu. Экономистер осы баяндама туралы өте жақсы пікірлерімен бөлісіті;

17.08.2017 ж. - "Болашақ энергиясы: Әйелдер, бизнес және жаһандық экономика" жобасының мүшесі, Астана қ., www.expoandwomen, пленарлық сессиядағы ғылыми баяндаманың тақырыбы: "Мәдениет тұрақты даму факторы ретінде";

21-23.09.2017 ж. - Халықаралық конференцияға «Соғыссыз әлем, Жібек жолындағы кездесу» атты сарапшы ретінде. М.М. Әуезов шақыруы бойынша Алматы қаласына ғылыми іс-сапар.

2017-2018 ж. - желтоқсан- қантар айларында Эрасмус+бағдарламасы аясында ВАЛАНСЬЕН-ЭНО-КАМБРЕЗИ университетінде (Франция) студенттер мен магистрант-тарға) -француз тілінде 15 сағат дәріс оқу;

2018 ж. – Мемлекеттік бағдарламасы "Қазақ тіліндегі 100 классикалық туындыны шет тілдеріне аудару» аясында қазақ тілінен француз тіліне 2 әдеби шығарманың аудармасы: Уәлихан Ысқақ "Қоңыр күз еді", және Асқар Сүлейменов "Қара шал" .

2019 ж. - Тұңғыш Президентінің "Рухани жаңғыру"атты мақаласын қазақ және орыс тілдерінен француз тіліне аудару;

2020 ж. - Абайдың 175 жылдығына байланысты ЕҰУ іс-шараларына қатысу: телеар-наларға (КазИнформБюро, Қазмедиа радиосы Егемен Қазақстан газетіне қаз. және орыс тілінде сұхбат беру. Егемен КЗ газетіне қазақ тілінде мақала жазу., Абай «Қара сөздер» француз тіліндегі шығармасынан үзіндіні әлеуметтік желіде оқу.

"Нұр Отан" партиясының тұрақты мүшесі, Француз Альянсы жанындағы француз тілі оқытушылары қауымдастығының мүшесі.

Кітап аудармалары

1. Абай "Қара сөздер", "Білім" баспасы, Алматы, 2001, рег. 2005 жылғы 27 шілдедегі № 166 қаулысы (бірлескен авторлықта).

2. Қазақ халық ертегілері: "Ер Төстік.", изд.: "Акарман-медиа", Астана, 2010 ж., 72 пл. – (цветн. иллюстр.). рег. 2010 жылғы 13 шілдедегі №1245

3. М. Шаханов. "Тайна, унесенная Чингисханом", изд.: "SAR Béar" Perpignan, 2005, (Франция), (орыс тілінен француз тіліндегі аудармасы) рег. 2005 жылғы 29 маусымдағы № 137 (бірлескен авторлықта).

4. "Қазақ халқының мәдениеті туралы антология: тарих, әдебиет және өнер" кітабы, социология ғылымдарының докторы Ванда Дресслермен (Франция) бірлесіп дайындалған кітап. 380бет. Париж қаласындағы "CARACTERE" баспасына тапсырылды.

Марапаттаулар мен көтермелеулер

2002 ж. - ҚР Білім Министрлігінің Құрмет грамотасы

2006 ж. - ҚР БҒМ Мемлекеттік гранты: " ЖОО Үздік оқытушысы" 2006 ж;

2008 ж. - Диплом және Күлтегін медалі – « ЕҰУ Мақтанышы»;

2010 ж. - "Болашақ" Халықаралық Президенттік бағдарламасының Мемлекеттік Гранты»;

2010 ж. - ҚР-дағы Франция Елшілігі: сертификат және ордені: Академиялық Пальма Шевалье атағы ордені: Қазақстан мен Франция арасындағы ғылыми және мәдени қатынас-тарды дамытуға қосқан үлесі үшін;

2012 ж. - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Филология факультетінің 50 жылдығына орай «Құрмет грамотасы»;

2016 ж. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті: «ЕҰУ-нің 20 жылдығына» орай «Құрмет грамотасы».



Содержание

Құттықтау.....	3
СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И СОДЕРЖАНИЕ ИНОЯЗЫКОВОГО ОБРАЗОВАНИЯ	
<i>А.А. Адылханова</i> МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЙ ПОДХОД В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ В ШКОЛЕ С КАЗАХСКИМ ЯЗЫКОМ ОБУЧЕНИЯ.....	7
<i>Г.Д. Баубекова, К.Н. Булатбаева</i> ФОРМИРОВАНИЕ ДУХОВНО-НРАВСТВЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ МОЛОДЕЖИ НА ОСНОВЕ ФОЛЬКЛОРА КАЗАХСКОГО НАРОДА	11
<i>A.S. Vervein, N.Z. Zhumanbekova</i> NATIONAL SOCIO-CULTURAL STEREOTYPES OF SPEECH COMMUNICATION.....	17
<i>Гладко М.А.</i> ТЕМАТИЧЕСКИЕ ДОМИНАНТЫ В МЕДИАДИСКУРСЕ БЕЛАРУСИ.....	21
<i>Ерланов Е.Е.</i> ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТОПОНИМДЕРІНІҢ ТАРИХИ СИПАТЫ.....	26
<i>Исабекова С.З.</i> АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ И ПОДГОТОВКА СПЕЦИАЛИСТОВ К ИНОЯЗЫЧНОМУ ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ ОБЩЕНИЮ В КОНТЕКСТЕ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ»	32
<i>Отызбаева К.Ж., Дюсенгалиева А.А., Загоруля О.Л.</i> ВЛИЯНИЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА НА РЕЧЬ СОВРЕМЕННОГО ПОДРОСТКА.....	39
ЯЗЫК И ЛИТЕРАТУРА	
<i>A.B. Yertostikova, A.E. Bizhkenova</i> POETISCHER DISKURS DER FRÜHEN LYRIK VON A.A. ASHMATOVA.....	45
<i>Жабигенова Г.С.</i> ЛИЧНОСТНЫЙ СМЫСЛ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ АБАЯ КУНАНБАЕВА «СЛОВА НАЗИДАНИЯ» И МИШЕЛЯ МОНТЕНЯ «ОПЫТЫ».....	51
<i>Искандерова А. Н</i> ПРИНЦИПЫ И ПОДХОДЫ К ИЗУЧЕНИЮ ОРОНИМОВ.....	58
<i>Каримова Н.Б.</i> О ТАЛАНТЕ ТВОРЦА.....	62

Кинжагалиева К.У, Нуркенова С.С.	
СӨЗ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕР.....	65
Мырзалы М.Б., Сарсикеева Г.К.	
АБАЙДЫҢ «ҚАРА СӨЗДЕР» ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТРАКТАТЫНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ.....	70
Ниязбекова Г.М., Сарсикеева Г.К.	
“THE EFFECT OF LIFE” AS AN IMPLEMENTER OF THE AESTHETIC FUNCTION IN LITERATURE.....	77
Сапабеков С.М.	
ПОСТМОДЕРНИСТСКАЯ ПРОЗА В ЛИТЕРАТУРЕ КАЗАХСТАНА	83
Спиглазова Г.И	
L’ENSEIGNEMENT DU FRANCAIS LANGUE ETRANGERE EN QUATRIEME ANNEE D’ETUDE.....	88
Шишковский С.А.	
К ВОПРОСУ О ПОДХОДАХ К ИЗУЧЕНИЮ ИНТЕРТЕКСТУАЛЬНОСТИ.....	92
ВОПРОСЫ ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЯ	
Байгужина Ж.К	
ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ ТЕРМИНОЛОГИИ.....	99
Боранбаева А.М.	
THE SPECIFICITY OF WRITTEN BUSINESS COMMUNICATION.....	105
Дуйсекова К.К., Кенжигожина К.С.	
К ПРОБЛЕМЕ ПЕРЕВОДИМОСТИ И НЕПЕРЕВОДИМОСТИ (по следам перевода «Қара сөздер» Абая на французский язык).....	108
Ерходжаева М. А	
ІЛІЯС ЕСЕНБЕРЛИН «АЛМАС ҚЫЛЫШ» РОМАНЫНДАҒЫ РЕАЛИЯНЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫ	112
Загидуллина А.А.	
СОЦИОКУЛЬТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕОСМЫСЛЕНИЯ ТОПОНИМОВ ВО ФРАНЦУЗСКОМ ЯЗЫКЕ.....	118
Кадырбаева А.С	
ЗАИМСТВОВАНИЯ ВО ФРАНЦУЗСКОМ ЯЗЫКЕ: ПРОЦЕСС ОБОГАЩЕНИЯ ИЛИ АССИМИЛЯЦИИ ЯЗЫКА?.....	123
Қоңқабаева А.Т.	
КІДІРІСТІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	128
Оспанова Ж.Т., Толыбаева К.К.	
ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ МЕТАФОРИЧЕСКОГО ПЕРЕОСМЫСЛЕНИЯ ДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТИ.....	135

4. Балақаев М., Томанов М., Жанпейісов Е., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. –Алматы: Мектеп, 1974.
5. Балақаев М. Қазақ тіл мәдениетінің мәселелері. – Алматы: Мектеп, 1987.
6. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті, - Алматы: Мектеп, 1984.

АБАЙДЫҢ «ҚАРА СӨЗДЕР» ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТРАКТАТЫНЫҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

Мырзалы М.Б.

Еуразия ұлттық университеті, Нұр сұлтан қ.,

Қазақстан Республикасы

Сарсикеева Г.К.

шетел тілі филологиясы кафедрасының профессоры, PhD

gsarsikeieva@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақаланың мақсаты Абайдың «Қара сөздер» философиялық трактатының прагматикалық аспектісін анықтау болып табылады. Қара сөздердің оқырманға беретін әсері арқылы мәтіннің мазмұны мен берілген ойды, тақырыпты зерттеу міндетті болып табылады. Прагматикалық әлеуетін анықтау нәтижесінде қара сөздерді тақырыптық топтарға бірлестіру.

Кілт сөздер: прагматикалық әлеует, көркем мәтін, қара сөздер, ұлттық-мәдени құндылықтар.

Abstract. The purpose of this article is to identify the pragmatic aspect of Abay's philosophical treatise "Words of Edification." It is imperative to examine the content, the thoughts and the subject matter provided by the impact of the edification words on the reader. Classifying words into thematic groups because of identifying pragmatic potential.

Key words: pragmatic aspect, literal text, words of edification, national-cultural values.

Мәтіннің прагматикалық әлеуеті - мәтін мазмұнының негізі мен оны анықтайтын лингвистикалық тілді таңдау нәтижесі. Өзінің коммуникативті ниетіне сәйкес ақпарат көзі логикалық және коннотациялық тұрғыдан әсер беретін тілдік бірліктерді таңдайды және олардың арасында қажетті семантикалық байланыстарды орнататындай етіп мәлімдеме түрінде ұйымдастырады.

Тиісті тілдік құралдарды таңдау нәтижесінде құрылған оқырманға коммуникативті әсер бере алатын белгілі бір прагматикалық әлеуетке ие болады. Мәтіннің прагматикалық әлеуеті мәтіннің мазмұны мен формасымен анықталады және мәтін авторымен біршама нақтыланған болып табылады. Прагматикалық элемент сөздің лексикалық мағынасына, грамматикалық категориялар мен синтаксистік құрылымдардың мағыналарына енгізіледі, ол сөйлемнің нақты бөлінуінде көрініс табады. Прагматика негізінен грамматика мен семантикаға негізделеді. Дегенмен, бір сөйлемде бірлік ретінде айтылатын семантикалық және прагматикалық аспектілер тілдік құралдармен көрінетінін атап өткен жөн. Танымдық көзқарас тұрғысынан, тіл мен мәтінді түсінудің негізі - прагматикалық қорытынды жасау тәртібі [1, 5 б.].

«Қара сөздер» - 45 қысқаша нақыл сөздер мен философиялық трактаттардан тұратын іргелі жұмыс. Абай «Қара сөздерді» өзінің күрделі өмірінің барлық қырларын біліп, жастық жылдардан, жетілуден, сынақтардан, жергі-

лікті басқару құрылымдарының жұмысына қатысуға деген талпыныстарынан, жердегі істердің қиыншылықтарынан үмітсіздік пен көңілсіздіктен, жақын адамдарынан айрылып, бір сөзбен айтқанда, жеке тәжірибесінен алды. «Қара сөздер» - бұл оның сенімдері, ашылулары, көңілі қалуы, жалпылама тұжырымдары және оның өмірі, қоршаған ортасы, жалпы уақыты туралы үкімі [2, 17 б.]. Қара сөздердің алты-жеті үлгісі қысқа келеді. Бұл қатарға қосылатындар Он алтыншы, Он сегізінші, Он тоғызыншы, Жиырмасыншы, Жиырма төртін-ші, Отыз бірінші, Қырық бесінші сөздері. Ең алдымен осы қара сөздің тобын тақырып мазмұндарына қарай арнаулы жіктерге бөле отырып тексеріп, танып көрейік. Жалпы алғанда Абайдың осы барлық қарасөз дейтін мұралары көркем прозаның өзінше бір бөлек, бір алуаны боп саналады. Бұлар сюжетті шығармалар емес. Стилль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінше адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді. Сондықтан кейбір қарасөздерінде адамгершілік мәселелерінен: әділет, ақтық, турашылдық, шындықты сүйгіштік, ғылымға құмарлық, еңбекті бағалағыштық сияқты жайларды айтады. Немесе осылардай, адамдық сипаттың жауы болатын аярлық жалғаншылық, бәлекұмарлық, мақтаншақтық, мансап-қорлық, өсекші-өтірікшілік, еріншектік, әр алуан арамтамақтық сияқты мінездердің барлығын айтқанда, Абай сол жайларды тыңдаушының көңіліне, көкейіне қонымды ету жағын алдымен ойлайды. Айтпақ сөздері мен ойларын мысалдармен келтіреді; Кейде өзі көп алдында отырғандай, тыңдаушысына сұрақтар береді. Өзі онымен жауаптасып, әңгімелескен кісі тәрізденіп отырады. Мысалдарды қазақтың Абай заманындағы күнделік болмысынан алады. Сол мысалдарды кейде күлкіге сайып, мысқыл, әжуахалдерді әдейі айқындай түседі. Әңгімесі тыңдаушысына пайдалы өсиет болумен бірге, көңілді айтылып, қызықты боп жетсін деген мақсатты ойлайды. Өзінің адамгершілік, әлеуметшілдік, ағартушылық ойларын айтуда Абай педагогикалық жақсы әдіс қолданады. Оңайдан қиынға қарай, жақыннан жыраққа қарай, қызықты, күлкілі жайдан үлкен толғаулы қорытындыға қарай біртіндеп жетектейді. Сатылап отырып үгітөсиет асырады. Соңында тыңдаушысы туралы Абайдың күдігі көп. Кейбір терең өсиет, озғын ойлар бұның тыңдаушыларының санасына жетпеуі мүмкін. Сол себепті елең сөздерінде ұзақтан, тереңдеп айтылған кейбір ағартушылық, адамгершілік үлкен ойлары мен қоғамдық тартыстың қайшылықтарын ашатын анық шыншыл және күшті азаматтық сындарын мынау қарасөздерінде оңайлатып, азайтып, қысқартып айтатыны да болады. Бұл ретте кейде акынның өлеңінде кездесетін қайшылықтар және тарихтық тар көлемді, түсініктер көбірек көрінетін кездері де болады. Оқушы мен көпшілік тыңдаушыларының өз тұсындағы сенім-нанымдарын еске алғандықтан, акын дін тақырыбын көбірек сөз қылады. Әрине, оның өз нанымы өзгермейді. Сондықтан өлеңдегі сияқты дінді адамгершілік мораль-дың, тәрбиенің қараңғылыққа қарсы, шартты түрдегі өткелі есебінде бағалай-ды. Осындай негізгі түсінік Абайдың қарасөзінде де көрінеді. Бірақ осымен қатар

мұсылман дініне иланған тыңдаушыларына құдайдың, пайғамбардың, иман, парыздардың жайларын көбірек айтады. Мынау оқушылармен әңгімелескенде өз ойына соларды көбірек серік етеді. Бірнеше шығармаларда басып айтқан ащы, сыншы пікірлер болғанмен, көпшілік қарасөздер орташа шындықты орташа халде тарады. Бұнда жалпы байқалатын күй, осы тыңдаушылармен Абай мәжіліс құрғандай болады. «Ғақлиатты» Абай өзінің қасында жақын жүрген шәкірт достарына, үміт еткен жаксы жастарына аса бір жылы жүректен ағалық өсиет етіп айтқан. Ал, көпшілік қарасөзде Абайдың көз алдында көрініп отырған тыңдаушысы жаңағы жастар ғана емес сияқты. Бірақ олар Абайды аяп әңгімелесетін, тартына сөйлейтін адамдары тәрізденеді. Осы себептен болу керек, қарасөз ой тереңдігі жағынан да көп өлең сөздерден таязырақ, сәл ғана шындықтардың өріс-өрісін байқатқандай болады. Енді осы жайларды жоғарыда біз бөліп шығарған отыз бес қарасөздің әр алуан жікте-рінен, таптарынан нақтылап танып көрейік.

Жиыны барлық қарасөз, біздің анықтауымызша, он-он бір тақырыпқа бөлінеді. Кейбір тақырыптар бір топ сөздердің көлемінде қайталап, әр алуан жаңа мысқыл, теңеулермен, дәлелдермен молайғаны болмаса, ойжағынан бір алуандас болады. Ал кей тақырып, бір-бір қарасөзде айтылумен тоқтап отырады. Мысалы, Бірінші қара сөзінде Абай жазуға қалай кіріскені туралы сөйлейді. Бұнда өмірбаяндық дерек бар және өзінің жалпы шығармалық еңбегіне ойлы түсінік береді. Бірақ кейін осы тақырыпқа өзге қарасөздерде оралмайды. Екінші сөзінде - халықтарды салыстырады. Қазақ, ноғай (татар), сарт (өзбек), орыс сияқты көршілес елдерді оқушысы қазақ жұртшылығына әділетті достық көңілмен ұғындырып береді. Әңгімені жеңіл әзіл тәрізді бастап, өз халқының дәлелсіз үстірт өзімшілдігін мысқыл ете келеді. Содан барып шын сыншыл ойларына ауысады. Еңбек сүйген ел атаулының бәрі де қазақтай еңбексіздікке мол салынған және сол еңбекті өнеркәсіпте, күндегі тірлікте көрші елдің бәрінен кейін қалып отырған халқына үлгі берерлік, артық елдер болып бағаланады. Тақырып жағынан алғанда, Үшінші сөзінде қазақ сахарасын билейтін әкімдер, тергеуші билер, соттар туралы жазады. Сол күндегі ел тірлігінің қайшылық, ауыртпалықтарын молайтып отырған патшалық өкімет туралы да ой қозғайды. Болыс атаулының елге сор болатын тынымсыз сойқанды мінездерін әшкерелейді. «Уақытша себі бола ма» деп бірер ұсыныстар айтады. Сол ретте ендігі болыс орысша оқуы бар адамнан болса екен дейді. Және тергеу мен үкім шығаратын қазақтың биі, сот орны туралы пікір айтады. Ел ішіндегі дау оңай шешілу үшін, әділетпен аяқталу үшін патшалық өкімет сайлаумен қойып жүрген билер болмаса екен дейді. Жұртшылыққа залалды жаманшылық атаулы орынды жазасын алатын болсын деген қамқорлық талап бар. Бұл қарасөз Абайдың өз тұсындағы күнделікті өмір шындығына қолма-қол қатынасып, жәрдем етсем деген талабын көрсетеді. Өлеңдік шығармаларында өз заманының шындықтарымен қолма-қол байланысты болып, оны сынау арқылы пайдалы іс етемін деген ақын жаңағы қарасөзінде сол әлеуметтік, әкімшілік қалпына нақтылап араласқысы келеді. Әсіресе халыққа күнделік іс-әрекеттерімен бейнет, дерт

әкеліп отырған тергеушілік тәртіптің сорақылықтарымен алысуға кіріседі. Төртінші сөздегі өсиетте бұрынғы өлең сөзінде көп айтқан бір тақырыпты қозғайды. Онысы - күлкі туралы ойлаған ойы, сыны. Бесінші сөз - қазақтың кейбір мақалдарын сынайды. Мұнда халық санасының өзіндегі надандық, қараңғылықтың салдарынан туатын мінді мінез, кемшін ой, айыпты әрекеттерді шеней өтеді. Мал үшін өмір кешетін адамдарды үлкен қиялменен сынап, айыптап түземек болады. Осы жоғарыда аталған бес сөзінде бес бөлек тақырып болса, келесі Алтыншы сөзден бастап белгілі ой мен сындардың, өсиет пен үгіттің арнаулы тақырыптары бірталай сөздерде қайталап отыратынын көреміз. Мысалы, Алтыншы, Сегізінші, Тоғызыншы, Оныншы, Он төртінші, Жиырма үшінші, Жиырма алтыншы, Жиырма тоғызыншы, Отыз үшінші, Отыз тоғызыншы, Қырқыншы, Қырық бірінші, Қырық екінші және Қырық үшіншісөз сияқты үлкен бір топ сөздерінде Абай ел мінезін көптен-көп сөз етеді. Бұнда бірлік жөнінде, ол ақылды болыс-би сияқты ел әкімдерінің «пара алмайтыны» жөнінде кекету -әжуа айтылады (Алтыншы, Сегізінші сөздерде). Және де осы топта ол туралы толғанған ойдың ызалы ащы күйін уланған оймен көрсететін сөз бар (Тоғызыншы сөз). Осы қатарда мінез жайын айта келіп өтірік, батырсынған бояма мінезді сынау, адамдықты үгіттеу Он төртінші сөзде көрінеді. Ел мінезін сынайтын сыншыл-реалист жазушы кейде бұрынғы өлеңінде қолданатын қатты сатираны да өзіне үлгі етеді. Қуаныш пен жұбаныш жайын аса ащы сатирамен Жиырма үшінші сөзде, Жиырма алтыншы сөзде айқын көрсетеді [3, 117-121 б.].

Жиырма төртінші сөзінде тағы да мақалды шенеу арқылы ел мінезіне үлкен сыншылдық жасайды. Және де кәсіп, еңбек иесі адамды бұзып, аздыратын салтты Отыз үшінші сөзде баяндайды. Осыдан соңғы бір топ толғаулар қазақтың бұрынғы өткен адамдарының мінезін сөз етеді. Халықтың даналық мақалдарын елдің қасиеті есебінде ақынның қадірлейтінін көреміз (Отыз тоғызыншы сөз). Ел мінезіне арналған сөздердің Қырқыншысы - тыңдаушысымен көзбе-көз әңгімелесу үстінде туғандай, Жазушы кеп сұрақтар бере отырып, қазақ қауымындағы адаммен адам арасындағы қарым-қатынасты қатты сынай сөйлейді. Ел мінезіне арналған Қырық бірінші сөзде елді тағылым-тәрбие түзер еді, ол жоқ деген арманды ой туады. Халық басындағы, қоғам ішіндегі ауыртпалық күйдің бәрін теріп көрсететін осыған тән сөздердің бір алуаны (Қырық екінші сөз) жұмыссыздыққа арналады. Еңбексіз жатып ішу, қолы ұдайы бос болу жеке адамның басындағы және бар қауымдағы кеселдің үлкен себепшісі деген аса сыншыл, дұрыс ойлар айтылады. Осы бір топ сөздердің ең соңғысы Қырық үшінші сөз – алғашқы жолдарында Абай санасындағы дуализмді көрсеткенмен педагогикалық, психологиялық үлкен жүйрік ойды танытады. Қара сөздер ішіндегі көлемі үлкен, кенеуі мол сөздің бірі де осы деуге болады. Енді бір бөлек тақырып боп, Жетінші сөз оқшаулау көрінеді. Ол - жас баланың психологиясын еске алып талдаған сөз. Баладағы білуге ұмтылу жақсы қасиет екенін атаумен бірге, үлкеннің надандығы сол жақсы баланы жаман тәрбиемен қорлап бұзғанын білдіреді.

Өзге қара сөздерден және де өз тақырыбымен оқшауырақ тұратын Он бірінші сөз - ұлық турасынан басталып, ұлықтарға қарсы, оларды қатты әшкерелеген сыншының ойын танытады. Халықтың, көпшіліктің өкілі болып отырған азамат жазушы жанағыдай ұлықтар кесірінен бейнет шегетін ел үшін ширығып, ызалы турашылдық сөздерін сөйлейді. Бұл тексерілгендерден бөлек қара сөздердің ішінде тағы бір қайталай түсетін тақырып - дін менен мораль, тәрбие жайларын қозғайды. Олар: Он екінші, Он үшінші, Жиырма жетінші, Отыз бесінші, Отыз алтыншы, Отыз сегізінші және Қырық бесінші сөздерде. Осы сөздердің кейбірінде Абай құдайға құлшылық етудің мәнін айтып, иман жайын сөз етеді (Он екінші, Он үшінші сөздер). Бірақ, сол мұсылманшыл-дықтың анық діндік үгітін айта отырып, Абайдың өз оқушысына жеткізбегі - адамгершілік өсиеттер болады. Сол адамгершілік қасиетті адам өзінің жаратылыс сырымен қоса бағалап, түсінсін деп ойлайды. Сондай түсінік адамды адамгершілік биік сатыға көтереді дейді. Осы ойына тіреп, дерек етіп (Жиырма жетінші сөзінде) әдейі ұстаздық, тәрбиешілік ниетпен Сократ сөзін береді. Отыз бесінші, Отыз алтыншы сөздерде Абай қазақтың дін күтушілерін және сол дін жолының өзіндегі өрескел мінді мінездерін шенейді. Пайғамбар өсиетін айта отырса да, сыншыл ақылдың талаптарын Абай айқын атап отырады. Осы топта көлемі мен мазмұны бойынша ең үлкен орын алатын Отыз сегізінші сөз - “Ғақлиат-тасдиқат”. Бұнда Абай аят, хадистерден цитаталар келтіріп сейлейді. Жазу тілінің, басқа қарасөздердегі анық қазақтық түрін өзгертіп, кітапшалап (түркіше) тың үлгі, стиль іздейді. Сыртқы стильдегі, тілдегі өзгешеліктер бұл сөздегі діндік мазмұн менен тығыз байланысты. Моральдық философияның, педагогикалық мұраттардың негізін діндегі негіздермен қабыстырып бермекші. Жалғыз-ақ осы жөніндегі Абай ойларында кейде көрінеу тайыздық, көнелікте байқалады. Бұл әсіресе жаратылыс жайымен адамның жаратылыс сырын шешемін деген кездерінде аса айқын сезіледі. Сонымен қатар осы үлкен сөздің ішінде Абай үлкен батылдық табады. Тарихтық, әлеуметтік, ағартушылық жөнінде күшті қуат көрсетіп, заманы үшін аса сыншылдық танытатыны да бар. Ол - қазақ ортасындағы жалпы мұсылмандық шығыстағы қоғамдық, әлеуметтік құрылыстар жөнінде айтатын терең толғаулы пікірлер. Алғашқы айтылған сөздің мысалын осы Отыз сегізінші сөзде келтірген бір ұзақ пікірден байқауға болады. Барлық жаратылыстың молдық берекеcін айтып келіп, Абай «Адам баласының үзілмес нәсіліне таусылмас азық болсын дегендік» - дейді. Осымен бар дүниенің жан-жануары, өлі-тірі табиғаты баршасы да тек адам баласы үшін жаралады. Өйткені, адам нәсіліне тәңір иесінің жасаған махаббаты солай деген ой таратады. Анығында, жаратылыс диалектикасын ойлағанда, Абайдың бұл айтқаны жаңылыс, теріс пікір. Және философия тарихында әлдеқашан ескірген - дүние адам үшін жаралады дейтін, көп заманнан бері қолданудан қалған, кене пікір болады. Ал әлеуметтік мәселеде Абайдың дін жайын қозғай отырып, дін ұстаздарына айтатын қатты соққы, сындары және осы сөзде. Бұл жоғарыда біз айтқан Абай ойының ең қымбатты, бағалы жағы. Абай молдаларды сынап келіп

«Бұл заманның молдалары хақим атына дұшпан болады. Бұлары білімсіздік, бәлкім бұзық пиғыл» деп, осыдан кейін Абай молдаларды өздерінің тілдерімен дәлелдер айтып отырып әшкерелеп, қатты шенеп шығады. Содан әрі жалғыз қазақ емес, бүкіл мұсылманшылық ғала-мына ауысады. Өздерінің реакциялық қараңғы нанымдарымен елді улатып, шырмап келген үлкен дін басыларға да аяусыз соққы береді. Барлық өсиет, ой-толғау еңбектерінің қорытындысы тағы да адамгершілік тәрбие екенін танытады. Адамды қор қылатын ең залалды жаманшылықтарды санап өтеді. Олары үш нәрсе: надандық, еріншектік, залымдық - деп атайды. Өлең шығар-маларында адамгершілік, тәрбиелік терең ойларды қозғағанда айтатын қорытынды түйіндерін осы арада тағы келіп табады. Сөйтіп анық айқын діншілдік үгіт сияқтанып басталған сөз ақынның өз ұғымындағы үлкен моральдық философияның тәрбиелік талаптарына келіп қосылады. Ақындық өсиеттері мен қарасөзде көрінген ұстаздық мақсаттар екеуі де осындай тұстарда табысып кеп, үнемі бір сағаға қосыла құйылып жатады. Осылайша топталып, тексерілген қарасөздердің тақырып бойынша құралатын ендігі бір мол түрі тағы бір топ сөздерде көрінеді. Олар: Он бесінші, Он жетінші, Он сегізінші, Жиырма бірінші, Жиырма екінші, Жиырма сегізінші, Отызыншы, Отыз екінші, Отыз төртінші және Қырық төртінші сөздер. Бұнда әр аулан түрде қайталап келіп отыратын бір тектес тақырыптар бар. Сол ортақ тақырыптар адамның адамдық қасиеттерін тереді. Үлкен адамгершілік, ақтық, тазалық, азаматтық жөніндегі тәрбиелік ойлар айтылады. Он бесінші сөзде мораль мәселесін мінез белгілерімен байланыстыра отырып, әрбір жақсы адам боламын деген кісіге өз-өзіне есеп беру қажет екенін айтады.

Он жетінші сөзде Абайдың өз тұсындағы және Абайдан бұрынғы үлкен моралист, педагог ойшылдардың, ұстаздардың көп айтқан пікіріне жанасатын ой-толғау жүргізеді. Ол - толық сапалы адам болудың шарты жайындағы ойлар. Адам жан-жақты, асыл қасиетті болу үшін оның бойындағы қайрат, ақыл, жүрек үшеуі бірдей болып, тең табыссын деген талап қояды.

Он сегізінші сөзінде және де қысқа қайырып, адамды адам етіп өсіретін, ұлғайтатын ақыл, ғылым, ар, мінез деген ой түйеді. Жиырма бесінші сөзінде қазақ халқынан қадірлі азамат, қауымға пайдалы қайраткер шығару үшін орыс оқуының ерекше бағасын қадірлеп айтады. Жиырма екінші сөзде Абай көрсеткен қайшылық бұрынғы өлеңінде де бірең-сараң жерде ұшырасқан қайшылыққа жалғасады. Ел билеуші адамдардың адамгершіліктен тыс мінездерін сынап, әшкерелей келе отырып, Абай еңбек байын қостаймын дегендей ойға ауысады. Көп байдың сорақылық, зиянды, қомағайлық, қанаушылық мінез-құлықтарын көп шығармаларында ашып, әшкерелеп келген Абайдың «еңбек байы» дерлік байы қоғам ішінде болмайтындығын айыра алмаған. Адамгершілік жөніндегі тәрбиелік тақырыпты Абай Отыз екінші сөзінде де және Қырық төртінші сөзінде де қайталап, толық дәлелдеп өтеді. Бұлардағылым басқа есеп үшін емес, адамның бас қасиеті өсуі үшін, арлы, мінезді толық мағыналы адам болу үшін жәрдем етсін дейді (Отыз

сегізінші сөз). Қырық төртінші сөзінде тәрбиелік ойдың тағы біршартын адамның басындағы мінезділікпен байла-нысты талапқа әкеп саяды. Міне, осылайша топтап тексеру ретінде тақырыптық өзгешеліктерін еске алып отырып, біз Абай жазған қарасөздердің барлығын шолып өттік. Жазушының бұл шығармаларын тексеруде жылмажыл (хронологиялық) ретпен талдауды қолданбадық. Қара сөздер түр жағынан, әдебиеттік құрылыс жақтарынан бұндай жыл санап жаңғырып, өзгеріп отырған тың түрлердің тосын үлгілерін бермейді. Солсебепті бұндағы түр, отильдік өзгешеліктерді жалпы қарасөздердің барлығына ортақ қалпымен осы бөлімнің алғашқы кіріспе беттерінде атап өттік. Содан кейін жазушының өзінің де зер салғаны - ой менен мазмұн болғандықтан, қарасөздерді біз әдейі тақырыптық, мазмұндық ерекшеліктерге қарап, жоғарыда өзіміз жіктеген топтар бойынша тексеріп тануды орынды көрдік.

Қорыта келгенде, Абайдың қара сөздері - оның ақындық мұраларына қосылған бағалы қазына дейміз. Абайдың өз тұсында болған тарихи шындық-пен, қоғамдық құрылыспен, күнделік сан алуан надандық, қанаушылық, озбыр зұлымдық атаулының барлығымен байланысты туған шығармаларды көрдік. Қарасөздердің бағасы - Абай заманындағы жағдайды, тарихтық шындықты өз қалпында бұлжытпай толық танытып береді. Рас, біздің заманымыз үшін Абай сынап, суреттеп отырған ортаның барлық болмысы, барлық дерті және Абайдың сол ортада отырып, күнделік өмірмен байланысты атап отырған мақсаттары, кейбір ұсыныс ойлары - бәрі де ескірген. Біздің қоғам үшін Абай өмір кешкен тарихтық орта мен қоғамдық шындықтар мүлде алыста, артта қалған дүние. Осы тұрғыдан қарағанда қарасөздердің арманы мен мазмұны, мұраттары тек тарихтық жағынан бағалы деу керек. Екінші - Абайдың адамгершілік жөніндегі моральдық өсиеттерін алсақ, олардың ішінде біздің заманға да бағасы зор шындықтары, тәрбиелік ойлары аз емес. Бұл жағы айрықша таратып, талдауды қажет етпейтін түсінікті жайлар. Ал, осы аталғандардан басқа Абайдың поэзиялық мұрасына қоса қарасөздері беретін әр заманда бағасы жойылмайтын бір үлкен қымбат қазына бар. Ол - Абайдың осы қарасөзді жазған тілі. Өлең сөзінде өзінің барлық шеберлігі, жаңалығы, кер-кемдік таланты бойынша қазақ тілінің сапасын әдебиет тілінің дәрежесіне көтерген ұлы тарихтық нәбегі қандай болса, қарасөздерінің тілімен де Абай осындай еңбекті біздің мәдениет тарихымызға мол сіңірді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әзімжанова Г.М. «Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті», 2006. 48 с.
2. Тажибаев Т. Философские, психологические и педагогические взгляды А.Кунанбаева. Алма-Ата, 1957. 267 с.
3. Абай Екі томдық шығармалар жинағы. Екінші том: Аудармалар мен қара сөздер. Алматы: Жазушы, 1986, 200 б.